

## ERASMUS+ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ

ERASMUS+ бағдарламасы – Еуропалық Одақ жүзеге асыратын, білім беру жүйесін, жастар саясаты мен спортты жаңғыртуға және дамытуға, жоғары оқу орындары арасында бірлескен жобаларды жүзеге асыру бойынша ынтымақтастықты қалыптастыруға бағытталған бағдарлама. Ол Еуропа елдері арасында да, дүние жүзіндегі серіктес елдер арасында да аталған салалардағы ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін үлкен қаржылық мүмкіндіктер береді.

Сонымен қатар, қазіргі заман талаптарына сәйкес жоғары білім беру жүйесін дамыту және университет түлектерінің еңбек нарығында жұмысқа қабілеттілігін арттыру мақсатында жоғары оқу орындары мен жұмыс ортасы арасындағы ынтымақтастықты дамытуды көздейді.

Бағдарламаның мақсаттары:

- Еуропа елдерінде білім алу мүмкіндігін беру арқылы білім алушыларды білім, тіл және мәдени жағынан дамыту;
- Білім алушылардың халықаралық тәжірибесі бар жоғары білікті болашақ маман ретінде қалыптасуына ықпал ету;
- Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің академиялық алмасуы мен тағылымдамасын жүзеге асыру арқылы олардың шетелдік тәжірибеге ие болуын, саладағы шетелдік әріптестермен өзара тиімді тығыз қарым-қатынасын ынталандыру;
- Білім беру ұйымдары арасындағы білім және ғылым салаларындағы ынтымақтастық аясын кеңейту.

ERASMUS+ білім алушыларға бірқатар мүмкіндіктер ұсынады:

- International Credit Mobility – 3 айдан 12 айға дейін созылатын Еуропадағы оқу немесе тағылымдамадан өту;
- Ай сайынғы шәкіртақы, сонымен қатар, жол жүру шығындарын өтеу;
- Бағдарламаға бакалавриат, магистратура мен докторантура білім алушылары қатыса алады.